

2012 жылы шақыру учаскесінде есепке тіркеуді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 2011 жылғы 9 желтоқсандағы N 02 шешімі. Қарағанды облысы Шет ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 желтоқсанда N 8-17-126 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 2012 жылғы 26 қарашадағы N 01 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 2012.11.26 N 01 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабының 3 тармағына сәйкес, Шет ауданының әкімі

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. "Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2012 жылы он жетіге толатын еркек жынысты азаматтарды тіркеу өткізілсін.

2. Аудан әкімінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы N 01 "Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне 1994 жылы туған ер жынысты азаматтарды тіркеуді өткізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде N 8-17-109 болып тіркелген, 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 52 (10.307) "Шет шұғыласы" аудандық газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шет ауданы әкімінің орынбасары Әбілсейт Жарылғапұлы Қауымбаевқа жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шет ауданының әкімі

Р. Әбдікерев

КЕЛІСІЛДІ

"Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Н. Әбдікешев

9 желтоқсан 2011 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК